

«Қамқоршылық» кеңесінің № 4 ХАТТАМАСЫ

«Егіндібұлак жалпы орта білім беру мектебі» КММ
4 мамыр 2021 ж.

Төрайымының аты-жөні: Б.Д. Сарыбаева
Хатшының аты-жөні: Ү.Ж.Махатова
Катысқандар: 9
Катыспағандар: 2

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Оқушылардың мектеп жанындағы жазғы демалыс алаңының ұйымдастырылуы.
2. Жазғы уақыттағы мектептің жөндеу жұмысын ұйымдастыру
3. Жыл бойғы «Қамқоршылық» кеңестің жұмысының ұйымдастырылу есебі.

Тыңдалды: 1-ші мәселе бойынша басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ү.Ж.Махатова сөз алды.


Оқушылардың жазғы демалыс алаңын ұйымдастыру жұмыстары басталды. Жоспар құрылдып, штаб құрамы анықталды. Аланың ашылуына, яғни 1 маусым-балалар күніне орай балаларға тәтті сыйлар тарату жоспарланды. Соған демеушілер іздестіріп жатырмыз. Егер демеушілер табылып жатса, 1 маусым алаңының ашылу барысында барлық оқушыларға балмұздак таратуды көздең отырмыз. Сонымен қатар, жазғы демалыс алаңында өлкеміздің киелі орындарына оқушылармен саяхат жасауды жоспарлап отырмыз. С.Торайғыровтың кесенесіне, М.Ж.Көпекеев кесенесіне, Қ.И.Сәтбаев мұражайына, т.б.

Тыңдалды: 2-ші мәселе бойынша мектептің шаруашылық менгерушісі Қ.З. Кошланов жазғы уақытта мектептің жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру, оку кабинеттерінің, спортзалдың, шеберхананың, мәжіліс залы, т.б. ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспарланып отыр.

Тыңдалды: 3-ші мәселе бойынша «Қамқоршылық» кеңестің төрайымы Б.Д.Сарыбаева сөз алды. 2020-2021 оқу жылында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Мектеп түлектерін «Мектепке тағзым» акциясы аясында мектепке демеушілік жасауға шақырдық. Соның нәтижесінде биылғы жылы 10,15, 30 жылдық түлектер бас қосып, бүгінгі күні мектепке қандай сыйлықтар әкелетінін ақылдасуда. 4 рет кеңес мүшелерімен отырыс өткізіліп, әр түрлі мәселелер талқыланып, шешімін тапты.

Қаулы қабылданды:

1. Оқушылардың жазғы демалысы тиімді ұйымдастырылсын.
2. Мектептің ағымдағы жөндеу жұмыстары сапалы жасалынын.
3. «Қамқоршылық» кеңесінің 2020-2021 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп бағаланын.

Кеңес төрайымы: 
Хатшы : 

Б.Д. Сарыбаева
Ү.Ж.Махатова